



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 9/35

4 наурыз



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!



Сіздерді келіп жеткен 1 наурыз – Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Алғыс айту күні ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісімнің салтанат күні.

Бірлігі мен берекесі жарасқан еліміздің, құт қонған киелі мекеніміздің дамуына, ерлік пен еңбектің ерен үлгісін көрсеткен, елімізді өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген жандарға ризашылығымызды білдіреміз.

Сондай-ақ, әлемді әбiгерге салған коронавирус пандемиясы кезінде де, бүгінгі күнде де тыным таппай жұмыс істеп жүрген ақ халатты абзал жандарға, қиын кезеңде жомарт жүрегімен көпке көмек қолын созған кәсіпкерлерге, түрлі оқиғалар мен жағдайлар

кезінде белсенділік пен азаматтық ұстанымын танытқан, алдыңғы шепте жүрген ерікті азаматтарға алғыс айтамын. Бұл күні елімізді төрт түгел дүниеге паш етіп жүрген түрлі спорт жүлдегерлеріне, мәдениет саласы қызметкерлеріне де алғыс айту парыз деп ойлаймын.

Бейбітсүйгіштігімен әлемге үлгі болған еліміздің ішкі ауыз-біршілігінің сақталып, тұрақты дамуына атсалысқан, бауырмал болмысымен танылған барша тұрғындарға айтар алғысым шексіз.

Бір-бірімізге деген алғысымыз шынайы, көңіліміз кіршіксіз, бірлігіміз бекем, тірлігіміз түзу болғай!

Алғыс айту күні тағы да құтты болсын ардақты ағайын!

*Приозерск қаласының әкімі
Сатаев С.Қ.*

Мемлекеттік қызметші өзінің қарапайымдылығымен, жоғары білімімен, әділдігімен үлгі болатын, азаматтармен жұмыс барысында сыпайылық танытып, елінің мүддесіне қызмет ететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік қызметшіге қойылатын ең басты талап – мемлекет пен халық мүддесінің алдындағы жауапкершілігі. Жауапкершілік болған жағдайда халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімі артып, қоғам мен мемлекет арасында мықты көпір орнатуға өз әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сондықтан, мемлекеттік қызметші өзінің жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, әдеп нормалары шегінен шықпауы тиіс және ең бастысы халыққа қызмет ететінін естен шығармауы керек.

Өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік қызметшілер арасында жиі қолданылатын жауапкершіліктің бір түрі - ол тәртіптік жауапкершілік.

Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамай, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, қызметтік әдепті бұзып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметте шектеулерді

сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылады.

Аталған фактілер орын алған жағдайда, тәртіптік теріс қылыс жасау фактісі жан-жақты зерделенеді және кейбір кезде қызметтік тергеу-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Сонымен қатар, тәртіптік жауапкершілікке тартудың тәртібі және мемлекеттік қызметшінің осыған байланысты құқықтары мен міндеттері айқындалған. Аталған талаптарды сақтау міндетті болып табылады.

Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартылуына байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылады, оған қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.

Қарастыру нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасау дерегі расталғанда, ол заңнамаға сәйкес тиісті жауапкершілікке тартылады.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметші жүктелген тәртіптік жазасымен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағымдана алады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың тәртіптік практикасына тұрақты түрде талдау жүргізеді.

Талдау көрсеткендей, 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы тәртіптік

19 НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ



жауапкершілікке тартылған адамдардың саны 11% және оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 72% азайған.

Көбінесе мемлекеттік қызметшілер азаматтармен қарым – қатынаста дөрекілік фактілеріне жол бергені, әдепсіздік танытқаны, яғни теріс іс – әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырағаны үшін жауапқа тартылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшінің әдепсіз әрекетін алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруда.

2016 жылдан бастап «Әдеп жөніндегі уәкіл» институты енгізілген болатын және аталған уәкілдің функциясы ұжымда беделді және басшылық лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге жүктелген. Бұл институттың басты мақсаты мемлекеттік қызметтегі тәртіпті нығайту болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкілдер де аталған бағытта жұмыстарын күшейтулері қажет.

Әдептілік, ар-намыс – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.

Сондықтан, «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы керек.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану кезінде бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгінуге болады (Қарағанды к., Н.Назарбаев даңғылы, 39, тел. 8 (7212)50-40-75).

*Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі
А. Наурызбаев*

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕ ӨЗІҢІЗДІҢ БАР-ЖОҒЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Приозерск қаласының тұрғындарын сайлаушылар тізімінен өздерін тексеруге шақырады. Мұны әртүрлі тәсілдермен жасауға болады – интернетте немесе Senim109 бірыңғай диспетчерлік қызметіне жүгіну арқылы.

Сонымен қатар sailau09.kz арнайы сайты жұмыс істейті, онда әрбір пайдаланушы ЖСН немесе жеке куәлік нөмірі арқылы өз учаскесін таба алады. Сондай-ақ, барлық қала мен аудан әкімдіктерінің сайттарында «Сайлаушылар тізімінде өзінді тексер» қосымша бөлімі қолжетімді.

Интернетке қосылу проблемалары бар адамдар 109 нөміріне қоңырау шала алады. Тек өзіңіздің ЖСН номеріңізді жазу қажет болады. Senim операторлары сайлау процедурасы бойынша жеке сұрақтарға жауап береді: мысалы, басқа қалада,

ауруханада, вахтада және т. б. қалай дауыс беруге болатынына қатысты.

Сондай-ақ, барлық қалалар мен аудандардың әкімдіктерінде Call-орталықтар, сайлаушылар тізімінде азаматтарды тексеру үшін жедел желілер құрылды. Жергілікті атқарушы органның қызметкерлері өтініштерді қабылдап, мәселелерді жедел шешетін болады. Call-орталықтар мен жедел желі нөмірлері қала әкімдігінің сайтында жарияланған.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау 2023 жылы 19 наурызда өтеді.

Call-орталық:

- Приозерск қаласының әкімдігі: Пушкин көшесі, 7, тел. (8-71039) 5-30-06;

КАК ПРОВЕРИТЬ СЕБЯ В СПИСКАХ ИЗБИРАТЕЛЕЙ



Жителей города Приозерск призывают проверить себя в списках избирателей. Сделать это можно разными способами: самостоятельно в интернете либо обратившись в Единую диспетчерскую службу Senim109.

Действует специальный сайт sailau09.kz, где каждый пользователь через ИИН или номер удостоверения личности может найти свой участок. Кроме того, на сайтах акиматов всех городов и

районов доступна вкладка «Проверить себя в списках избирателей!».

Люди, у которых есть проблемы с доступом в интернет, могут позвонить на номер 109. Необходимо будет лишь продиктовать свой ИИН. Операторы Senim ответят и на частные вопросы по процедуре выборов – к примеру, как проголосовать в другом городе, в больнице, на вахте и т. д. Звонок в службу бесплатный.

Также в акимате города создан call-центры, горячие линии для проверки граждан в списках избирателей. Сотрудники местного исполнительного органа будут принимать обращения и оперативно решать вопросы. Номера call-центров и горячей линии опубликованы на сайте акимата города.

Напомним, Выборы депутатов Мажиліса Парламента Республики Казахстан, согласно указу Главы государства, пройдут 19 марта 2023 года.

Call-центр:

- Акимат г. Приозёрска: ул. Пушкина, 7, тел. (8-71039) 5-30-06;



АМАНАТ



ӘБДИМҮТӘЛІПОВ
МҰСА ЖӘЛИҰЛЫ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!



19/03
2023

№1 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

БАЛЫҚШЫЛАР БАҚ СЫНАСТЫ



Балық аулау өнері – әрі кәсіп, әрі спорт, сонымен қоса адамның сергектігін, ептілігін, ұстамдылығын, шыдамдылығын, зеректігін... тағы басқа қасиеттерін айқындап беретін ерекше жұмыс десек қателеспейміз.

Біздің қаламыз әйгілі Балқаш көлінің жағасында орналасқандықтан, мұнда балық аулауды арнайы кәсіп еткендер де, қызығышылықпен айналысатындар да, ермек үшін қармақ ұстайдындар

мен уақыт өткізу үшін шұғылданатындар да баршылық. Осыған орай қаламызда жыл сайын қыс айының соңына қарай «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен балықшылар сайысы өткізіліп тұрады. Аталған сайысқа қатысуға адамдар алдын-ала өтініш береді.

Биылғы жылғы балықшылар сайысын өткізу шарасын аталған мекеменің сектор меңгерушісі Нұртай Стамқұл көл маңындағы «Тюлпан» жағалауына бастап барды. Балықшылар сайысына қаладағы әскери бөлімдерден, жеке кәсіпкерлер өкілдерінен, қалалық мекемелер қызметкерлерін қосқанда 16 адам қа-

тысты. Көл бетін қалың етіп жапқан мұзды тесіп, өте зор еңбекпен әрі тартысты өткен сайыстың қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орынды кәнігі балықшы Максим Майоров жеңіп алды. Кәсіпкерлер атынан қатысқан Әділ Бердімұратов екінші орынды қанағат қылды. Қаһарлы қыстың соңғы күндерінде күннің аязды болуына қарамастан ұйымдастырылған сайыс көңілді әрі жоғары деңгейде өтті. Жеңімпаздарға «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Н.ӨТЕПҰЛЫ

ЖАСТАР МЫҚТЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

**СҮЛЕЙМЕНОВ
НҰРЛАН
МАРСҰЛЫ**
✓ 19 НАУРЫЗ
2023

**№1 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Халыққа қалтқысыз қызмет ету Приозерск қаласы мемлекеттік мекемелерінің ең басты міндеті және парызы саналады. Ағымдағы жылдың 26-ақпаны күні Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ұлан Алмас және Жұмыспен қамту орталығының директоры Мақпал Акимова қаламыздың жұмыссыз тұрғын-

дарымен кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты - жұмыспен қамту бағдарламаларын түсіндіру және шағын несие мен қайтарымсыз Грантты кеңінен насихаттау болып табылады.

Атап айтқанда, бүгінгі күнге дейін жұмыспен қамту орталығына 154 азамат жұмыссыз ретінде тіркеліп, оның ішінде 135 азамат уақытша және тұрақты жұмыспен қамтылды.



Тұрақты жұмыс орындарына – 11 адам;
Қоғамдық жұмыстарға – 104 адам;
Әлеуметтік жұмыс орындарына – 7 адам;
Жастар тәжірибесіне – 4 адам;
Алғашқы жұмыс орындарына – 1 адам;
«Күміс жас» жобасына – 8 адам жолданды.
– Қала тұрғындарының бос жүрмеуі және жұмысқа уақы

тылы тартылып отыруы үшін біздің мекеме мен Жұмыспен қамту мемлекеттік мекемесі әрқашан тұрақты бақылап отырады және азаматтарды жұмысқа орналастыру шарасы жалғасын табады, - дейді Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ұлан Алмас.

М.ИСАТАЙ

19 НАУРЫЗ
2023

**АБДУКАЛИКОВ
ДУМАН ӘСЕТҰЛЫ**

**№2 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ ДАУЫС БЕРУ ҮШІН ТҮРЛІ ТҮСТІ БЕС БЮЛЛЕТЕНЬ АЛАДЫ




Қарағанды облысында 761,5 мыңға жуық сайлаушы тіркелген. Алғаш рет дауыс бергендер – 13 мың. Сайлаушылар тізімін нақтылау жалғасуда. Өңірде 2023 жылғы 19 наурызға бекітілген Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлауға белсенді дайындық жүріп жатыр. Облыстық сайлау комиссиясының бастамасымен мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірлескен отырыс өтті. – Заңнамаға сәйкес әкімдіктер сайлау учаскелеріне сайлаушылар

тізімін берді. Бұған дейін сайлаушылар базасына адамдардың жекелеген санаттарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілді: бұл студенттер, вахта бойыншы жұмыс істейтін қызметкерлер, әскери қызметшілер, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. – Азаматтарды сайлау құқығын іске асыру мүмкіндіктері туралы хабардар етуді қамтамасыз ету маңызды. Түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін

сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету ерекше назарда. Өңірде 863 сайлау комиссиясы жұмыс істейді: облыстық, аумақтық, округтік және учаскелік комиссиялар. – Облыс бойынша барлығы 665 кандидат тіркелді, оның ішінде мәжіліске екі бір мандатты округ бойынша – 21. Барлық деңгейдегі мәслихаттарға 644 адам сайлауға түседі. Бір депутаттық мандатқа орташа бәсекелестік 3,4 үміткерді құрайды, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов.

Ол дауыс беруге келген сайлаушыларға бес бюллетень берілетінін түсіндірді. Бланкілер әр түрлі түсті болады. Мәжіліс депутаттарын партиялық тізімдер бойынша таңдау үшін – көк, ал бірмандатты округтер бойынша – жасыл. Облыстық мәслихатқа дауыс беру үшін күлгін және қызғылт сары түсті бюллетеньдер, қалалық және аудандық мәслихаттарға – сұр түсті. Әр бюллетеньде «барлығына қарсы» деген баған болады. Ермағанбет Бөлекпаев сайлау учаскелерін жарақтандыру жөнінде тапсырма берді. Сайлаушыларға тізімдерде өздерін тексеру керектігі еске салынды. Мұны әртүрлі тәсілдермен жасауға болады: әкімдіктердің сайттарында, sailau09.kz, сондай-ақ senim109.kz қызметіне қоңырау шалу арқылы. Тіркелген үміткерлер үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді, ол 18 наурызда сағат 00:00-де аяқталады. 18 наурыз – тыныштық күні. 19 наурыз – сайлау күні.



gov.kz



АМАНАТ

**НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!**



**ИСАТАЕВ
АЛТАЙ НӘСІПБЕКҰЛЫ**

**19/03
2023**

**№2 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

«МЕН БАЛҚЫНЫҢ БАЗАРЫ...» (АЛМАТ САРДАРҒА АЙТҚАНЫ)

1875-жылдары Шөмекей Бозғұл, оның Шобдар аталығынан шыққан атақты Алмат батыр әрі би (Хиуаға сардар болған) Базарды жырлап берсін деп Арқадағы Аққұм дейтін аулына (қазіргі Ақтөбе облысына қарасты Ырғыз ауданы) шақырады. Сол жылы Базар мінерге жарамды ат таба алмай, шақырған жерге бара алмай қалады. Келесі жылы ол ұят болды-ау деп, Алматтан кешірім сұрайын деп, жаман атымен жолға шығады. Жолшыбай ол мың жылқы біткен Шөмекей – Бозғұлдың Дөсегі Маутанбайға кеп жағдай айтып, бір аттың майын сұрайды. Сараң бай әр нәрсені сылтау етіп, Базарға ат бермейді. Енді амалы қалмаған Базар жаман атымен арада бірнеше күн қонып, әрең дегенде Алмат сардардың Аққұмдағы аулына арып-ашып жетеді. Ол сәлем беріп, киіз үйдің табалдырығынан аттай бергенде, төрде жатқан ашулы Алмат сардар:

– Кірме! Көзіме көрінбе!
– деп ақырады.

Сонда бір аяғы іште, бір аяғы сыртта тұрып, Базар өлеңді ағытып қоя береді:

Арғы атаң Әлібектен батырларым,
келіскен содан бермен ақырларың.

Ордаңа өзім іздеп биыл келдім,
келсін деп өткен жылы шақырғаның.
Жершалғай, алыс жолға ат табылмай,
себебі сол еді, сардар, жатырғаным.
Ырзамын сөкпек түгел, соқсаңда, аға,
кеуліме келмейді кейіп, ақырғаның.
Тұқымы жылқыңыздың құла алады,
күлте жал, құйрығы ұзын шұбалады.
Ашқа азық, азға қамқор болып талай,
алдыңнан қайтқан күліп жылағаны.
Қайратың қара түгел ханға мәлім,
қолыңнан мені өлтірсең кім алады?
Сонда да, сардар, сіздің алдыңызда
қалмайын сөзімді айтпай сыбағалы.
Не сөз бар қайратыңды халық көргесін,
кісіге тай сұраса, ат бергенсің.
Қазақтың киіз үйлі таласы жоқ,
өлшеусіз осынша артық бақ бергесін.
Иманым тас төбеме кетті шығып,
қараудың тарғылындай тап бергенсің.
Қалайда бұл қатерден құтылармын,
сөйле деп тәңірім тіл мен жақ бергенсің.
Тұқымы жылқыңыздың өңшең құла,
өсірдің балдарыңды етіп бұла.
Бекеттен бермен қарай бабаларың
өтпеген бір-бірінен кем боп, сірә.
Тең болып текті жерден

қосылып жар,
кетіпті өле-өлгенше кеулі тына.
Атаңыз Киікбайға оқ тигенде,
өзі аттап, түсіріпті анаң Қына.
Болғанда ағам Алмат, жеңгем Күміс,
ешкімге біткен емес мұндай туыс.
Ақырып Алмат ағам сыртқа шықса,
болады Әлім, Шөмен бір-ақ уыс, –
деген кезде, мақтау сүйетін Алмат
басын көтеріп, Базарды қасына шақырып
отырғызады. Оның себебі де бар еді.
Оның атасы Киікбай батыр ақ табан
шұбырынды кезінде қалмақтармен
соғысып, оларды қатты қырған.
Сонда қалмақтың бір мергені мұны
садақпен атады. Оқ Киікбайдың қара
санына қадалып, бұлшық етті жырттып
барып тоқтайды. Батыр қансырай
бастайды, ешқандай ем-дом қонбайды.
Сонда ескі ырым бойынша, өмірі
басқа еркекке көзін салып көрмеген
Қына бәйбіше Киікбайдың үстінен аттап,
оқты түсіреді. Базар осыны айтқан
кезде, әруаққа шыдамай кетіп, Алмат
сардар жырауды қасына отырғызып,
тездетіп шәй-суын бергізеді. Сол аралықта
жақын жердегі ауылдарға кісі жіберіп,
елді жинап алады да, Базарды
жырлатады. Оны сол жылы күзге

шейін жібермейді. Ақырында Алмат сардар Базарға ат мінгізіп, шапан жауып қана қоймай, оның алдына әурігі мен он қысырақ (бір айғырдың үйірі!) салып, еліне ырза қылып қайтарады. Базар алдына жылқыларын тізе-тіркеп айдап келе жатып, Қарақұмда баяғы өзіне аттың майын қимаған Дөсек Маутанбайдың аулына тап болады. Бұл кезде бай қайтыс боп, елі-жұрты оны жерлеп жатыр екен. Базар да кеп, тізе бүгіп отыра қалады. Байды жерлеп, қабырына құран оқып, қол жайғаннан кейін, Базар сол арада суырып салып:

Би, батыр, байлар да өткен қос сабалы,
Сансызбай сахи да өткен Қошқаралы.
Итшілеп ішпей-жемей жыйсаң-дағы,
жоқ екен жалғаншы иттің еш қарары.
Сүйген жар, айдаған мал, жиған дүние
қанырап артында ердің бос қалады.
Арман не ең болмаса өлген кезде
құрмалап қойса қолдан дос-жараны.
Кей байлар төрт түлігі сай болғанмен,
сусынға толмай кетті-ау тостағаны.
Маутекем аттың жайын көп айтып ед,
сонда да екі қолы бос барады, –дейді
де, Қызылқұмға қарай жүріп кетеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!

ДҮЙСЕМБАЕВ
ДУЛАТ ОРЫНБАСАРҰЛЫ



19/03
2023

№3 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

“ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚ”

Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық бұрыннан келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Отбасындағы зорлық-зомбылық тек отбасының ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның да проблемасы болып табылады.

Біздің заманауи дамыған қоғамда қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 73-бабы бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін, ал олардың әрекеттерінде қылмыстық құқықбұзушылық құрамы бар болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 109 (ұрып соғу), 110 (қинау), 131 (қорлау) баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Өкінішке орай, отбасылық бұ-

закылық жасаушылар әрдайым былапыт сөйлеумен, қорлаумен, үй тұрмысындағы заттарды бүлдірумен және басқа да осындай әрекеттермен шектелмейді деп айтуға болады. Көп жағдайда отбасылық жанжалдар қол жұмсаушылықпен, дене жарақатымен және мертігумен аяқталады.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу - бұл әр адамның азаматтық борышы. Ешкім біреудің бақытсыздығына бейжай қарамауы керек. Сондықтан да азаматтардың түрлі зорлық-зомбылықтың алдын алуға үлес қосуы үшін құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық сезімін ояту қажет, яғни тағы да, нөлдік төзімділік қағидаларын ұстана бастау керек.

*Приозерск қалалық сотының
бас маманы
Байдрахман С.Б.*

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



Сыбайлас жемқорлық бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі – сыбайлас жемқорлықты жену. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі маңызды қадам азаматтардың заң алдындағы тең жауапкершілігі болып саналады.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруы-

ның себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, кәсіби әдептілік ұстанымының төмен болуы, құқық бұзушылықтарға неқұрайлылық танытуы, жеке басының қамын ойлауы жемқорлықтың дендеуіне әсерін тигізеді.

Сондықтан мәселені шешуде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны қатайтудан азаматтық қоғамды күшейтуге және бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын арттыруға дейінгі кешенді шаралар қажет.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында жастар мен жасөспірімдер, оқушылар мен студенттер арасында ағартушылық, білім беру шаралары да ұйымдастырылуы қажет.

*Приозерск қалалық сотының
аға сот приставы
Назар А.С.*

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ДАУЫС БЕРІҢІЗ

**ЖҰМАХАНОВ
БАЗАРХАН
МЕЙРАМБЕКҰЛЫ**

сайлау 19 НАУРЫЗ

**№3 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА (ҚАЛАЛЫҚ СОТТЫҢ 2022-ЖЫЛДЫҢ 12 АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫЛАНДЫ)

Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотымен бұқаралық ақпараттық құралдарының өкілдерімен 2022-жылдың 12-айын қорытындылау бойынша баспасөз конференциясы өткізілді.

Аталған баспасөз конференциясына сот төрағасы Б.А.Даупбаев, кеңсе меңгерушісі Д.А. Сатыбалдин, «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің арнаулы тілшісі Н.Карабеков қатысты.

Баспасөз конференциясында Б.А.Даупбаевпен есептік кезеңінің өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырмалы қорытындысы талқыланды. 2022-жылдың 12 айында 46 қылмыстық іс қаралды 47 тұлғаға қатысты, үкім шығару арқылы, 34 адамға жаза тағайындалды. Мемлекеттік тілде 11/11, (12/12) іс қаралды. 2022- жылдың 12 айында онша ауыр емес қылмыстар дәрежеде 7/7 (2/2), орта дәрежеде – 13/13 (15/15), ауыр дәрежеде - 6/6(5/5), қысқартылған тәртіппен – 7/7 (11/11) қылмыстық іс қаралды.

2022-жылдың 12 айында 232 отініш және 4 азаматтық іс



және 40 материал түсті. Азаматтық істер бойынша 205 іс қаралды, оның ішінде 91 іс бойынша шешім шығарылды, 30 іс бойынша сот бұйрығы шығарылды, 49 іс қысқартылды,

оның 48 медиация тәртібімен, 33 іс қараусыз қалдырылды.

Азаматтық істер бойынша қабылданған сот актілерін орындауға қатысты 40 материал қаралды. Мемлекеттік тілде 79 іс, прокурордың қатысуымен 10 іс қаралды, 49

азаматтық іс қысқартылған тәртіппен қаралды. Бейнежазба құралдары қолдану арқылы 205 азаматтық іс қаралды, бұл 100% құрайды.

2022- жылдың 12 айында қалалық сотқа 411 әкімшілік материалдар түсті, 401 іс қаралды, оның ішінде 216 тұлғаға 6 504 015 тенгеге айыппұл салынды, оның ішінде өз еркімен 4 302 329 тенге төленді, 23 тұлғаға ескерту жасалды, 216 адам әртүрлі мерзімге әкімшілік тәулікке қамауға алынған, 32 адам автокөлік басқару құқығынан айырылды, мемлекеттік шенберінен шығару – 6, 50 іс қысқартылды. Мемлекеттік тілде 229 материал қаралды, 28 іс бойынша медиация қолданылды.

Сонымен қатар, БАҚ-өкілдеріне сотқа жеткізбей дауларды шешу, медиация тәртібімен татуласу мүмкіншіліктері туралы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отыратыны айтылды.

Баспасөз конференциясына қатыстып отырған БАҚ өкілдерінің сұрақтарына толық жауап берілді.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

**ПЕРДЕБАЕВ
НАЗАРБАЙ ЕРКЕБАЙҰЛЫ**

**19 НАУРЫЗ
2023**

**ЖАСТАРДЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ,
ҚИЫН МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУГЕ!**

**№4 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН
ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ҚУӘЛІКТЕРІ

ОТКРЕПИТЕЛЬНЫЕ УДОСТОВЕРЕНИЯ
НА ПРАВО ГОЛОСОВАНИЯ

Сайлаушы өзінің болатын орнын ауыстырған кезде 2023 жылғы 4 наурыздан бастап 2023 жылғы 18 наурыздағы сағат 18-ге дейін тіркелген жері бойынша учаскелік сайлау комиссиясына жеке басын куәландыратын құжатын ұсына отырып, есептен шығару куәлігін алуға өтінішпен жүгіну мүмкіндігіне ие



Избиратель при перемене места своего пребывания имеет возможность с 4 марта 2023 года до 18 часов 18 марта 2023 года обратиться в участковую избирательную комиссию по месту регистрации с заявлением на получение открепительного удостоверения, предъявив документ, удостоверяющий личность

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі сайлаушының өкіліне сенімхат бойынша берілуі мүмкін, мұндай жағдайда өтінішке сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі



Открепительное удостоверение на право голосования может быть выдано представителю избирателя по доверенности, в таком случае к заявлению прилагается копия доверенности

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді



Открепительное удостоверение на право голосования не выдается избирателям, желающим участвовать в голосовании в другом избирательном округе или на другом избирательном участке в пределах одного населенного пункта

2023 жылғы 19 наурыз



19 марта 2023 года

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні сайлаушының оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді

По предъявлении открепительного удостоверения участковая избирательная комиссия в день голосования включает избирателя в список избирателей на избирательном участке по месту его пребывания

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Жүргізіліп жатқан мұндай реформалар ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырады. Ынталандыра отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Өндіріс өлкесіндегі кері байланысты нығайтады.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!

САТЫБАЛДИН
БАХТИЯР СӘКЕНҰЛЫ



19/03
2023

№4 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Зерттеушілеріміз галлуазит саздарынан алынған табиғи нанотүтікшелерді қамтитын жаңа жабын ойлап тапты. Галлуазиттік нанотүтікшелердің арқасында жабын өзін-өзі қалпына келтіру қабілетіне ие болады. Бұл жоба қазіргі уақытта коммерцияланған. Бүгінде 765 млн. теңгеден астам сомаға 270 тонна инновациялық өнім өндірілді.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Бүгінгі ғылым заманауи үрдіске ілесуі үшін түбегейлі өзгерістерді көксейді. Президент тапсырма берді. Беталыс басталды. Ұлттық ғылыми кеңестердің жұмыс форматы ауысты. Кеңестің кез келген шешімін апелляциялау институты бой көтерді. Сол арқылы жас ғалымдарға қолдау артты. Докторантура бағдарламалары бойынша оқу үшін гранттар саны ұлғайтылып, докторанттар стипендиясы өсті. Елде ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша сұранысқа ие жобалар іске табысты асырылу үстінде.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті



Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

САЙЛАУ
19/03/2023

**“ТҮБЕГЕЙЛІ
ӨЗГЕРІСТЕР
ҚАЖЕТ”**

**“ПЕРЕМЕНЫ
НЕИЗБЕЖНЫ”**

УМАРОВ

НҰРЛАН ШАДЫБАЙҰЛЫ

**№5 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» БАЙҚАУЫ



Қазақ ақыны, аудармашы Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай оқушылар арасындағы «Шәкәрім оқулары» атты байқауы «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Білім» орталығында жуықта болып өтті. Оған қаламыздағы екі мектептің 5 және

буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттырып, отансүйгіштігін қалыптастыруға ықпал ету. Байқау шарты бойынша оқушылар ақынның 20 өлең-жырларын жатқа білуі, ақын өмірбаянынан хабардар болуы, өлеңдердің мазмұнын айтып беруі тиіс болатын. Байқау – «Талап» ірікеу кезеңі,

«Білім» сұрақ-жауап кезеңі және «Таза ақыл» кезеңі болып үш кезеңнен тұрды. Атап айтқанда, Алғашқы кезеңде сахнаға барлық қатысушылар шығып, жүргізуші қатысушыдан Шәкәрімнің бір өлеңін жатқа айтып бастауды талап етеді де, кез келген жерінен тоқтатып, басқа талапкерден әрі қарай жалғастырып әкетуді өтінеді. Осылайша кедейсоқ ретпен жалғасып, екі рет қателескен, кідіріп қалған талапкер сайыстан шығарылады. Сайыс талапкерлердің жартысы сайыстан шығып қалғанша жалғасады. Бірінші кезеңнен іріктеліп шыққан талапкерлер сахна төріне көтеріліп, электронды тақта көмегімен Шәкәрімнің өміріне және шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді. Бұл кезең бойынша жоғары ұпай жинаған талапкер келесі кезеңге жолдама алды. Соңғы кезең талапкерлердің ой-өрісін, таным деңгейін анықтауға арналды. Сайыс ережесі бойынша әр талапкерге жеребе арқылы Шәкәрімнің өлеңі беріліп, соған талдау жасауы талап етілді. Яғни, өлеңнің немесе берілген шумақтың мәнін, мағынасын түсіндіруі тиіс. Бұл өлеңдер немесе өлеңнен үзінділер жаттауға берілген тізімдегі өлеңдерден алынды. Сонымен қатар, қатысушы

ақын шығармашылығында жиі кездесетін ұғымдарды (мысалы: «ынсап», «ындын», «таза ақыл» сияқты т.б. сөздер) түсіндіре білуі керек болатын.

Байқауға қатысушы оқушылардың өлең оқу мәнерін, білім деңгейі мен жеделдігін бағалаған қазылар алқасы әділ таразылау арқылы жеңімпаздарды анықтады. Байқаудың Бас жүлдесін Бекнұр Жиенбай (жетекшісі Маржан Хизирова) жеңіп алды. 1-орынға Айбөпе Абайқызы (жетекшісі Жазира Альжанова) лайық деп танылса, жүлделі екінші және үшінші орындарды Надира Қадлахмет (жетекшісі Жазира Альжанова) және Нұрай Оспан (жетекшісі Еңлік Жабағиева) өзара бөлісті.

Байқауға қатысқандары үшін барлық оқушыларға кітапхана тарапынан Алғыс хаттары табыс етілді. Жүлделі орындарды иеленген оқушылар Құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бас жүлде иегері Бекнұр Жиенбай облыстық байқауға жолдама алды. Өнерлі балаға бұл байқауда да сәттілік тілейміз!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!

ЮСУПОВ
ЕЛДОС
СЫДЫҚҰЛЫ



19/03
2023

**№5 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ
ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Сайлаушылар өзі туралы деректердің дұрыстығымен
сайлауға 15 күн қалғанда таныса алады

Сайлау учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде келесі тәсілдермен алуға болады:

Веб-қызмет:
<https://sailau.astana.kz/>Telegram-ғы чат-бот:
https://t.me/sailau_astana_botМобильді қосымша
Smart AstanaКөмек бірыңғай
байланыс орталығы,
109 телефоны бойынша

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

Шығару және түзетулер жасау қажеттігі
туралы арыз келіп түскен күні қарайдыАрыз мақұлданбаған жағдайда
азаматқа дәлелді шешінік
көшірмесін кешіктірмей бередіАрызданушы үшін дұрыс шешім
қабылданған жағдайда сайлаушының
тізіме енгізуді дереу жүргізедіНақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне
енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағындағы
тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табыладыEgov.kz порталында
«Азаматтық, миграция және иммиграция»
бөлімінде мәліметтерді тексеру19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

КАК ПРОВЕРИТЬ СЕБЯ В СПИСКАХ ИЗБИРАТЕЛЕЙ?

Избиратели могут проверить данные о себе за 15 дней до дня голосования

Получать сведения о своем избирательном участке в режиме реального времени следующими способами:

Веб-сервис:
<https://sailau.astana.kz/>Чат-бот в Telegram:
https://t.me/sailau_astana_botМобильное приложение
Smart AstanaЕдиный контакт-центр iKomek
по телефону 109

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ КОМИССИИ

Заявление о необходимости исключений
и исправлений рассматривают
в день его поступленияВ случае отклонения гражданину
безотлагательно выдают копию
мотивированного решенияПри положительном для заявителя решении
включение избирателя в список
производится немедленноОснованием для включения гражданина в список
избирателей на конкретном избирательном участке
голосования является факт его регистрации
по месту жительства, на территории указанного участкаПроверка сведений на портале egov.kz
в разделе «Гражданство, миграция и иммиграция»МЧС ИСПОЛЬЗУЕТ МОБИЛЬНЫЕ
ПРИЛОЖЕНИЯ И ПЛАТФОРМЫ
ДЛЯ ИНФОРМИРОВАНИЯ
НАСЕЛЕНИЯ

Мобильные приложения, загруженные на смартфоны, широко используются населением для получения справочной информации и онлайн-обучения в различных областях. Учитывая эту современную тенденцию, МЧС активно использует в своей работе мобильные приложения. На площадке Службы центральных коммуникаций председатель Комитета гражданской обороны МЧС РК Бауыржан Сыздыков рассказал о приложении «Darmen».

«Это бесплатный сервис оповещения населения, позволяющий оперативно получать уведомления о закрытии/открытии дополнительных трасс, отмене занятий в учебных заведениях, штормовых предупреждениях и т.д. всего за

3-5 секунд. Также в приложение «Darmen» интегрировано приложение «Гражданская оборона», которое позволяет ознакомиться с правилами безопасного передвижения, организации и ведения гражданской обороны в виде понятных памяток и инструкций», - сказал спикер, приглашая граждан скачать данное мобильное приложение.

Кроме того, в целях информирования населения используются и другие платформы. Например, в 2ГИС также размещены сведения о пунктах сбора-эвакуации и приема-эвакуации населения во время чрезвычайных ситуаций, местах, разрешенных и запрещенных для купания граждан.

ortcom.kz



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!АКИМОВА
МАҚПАЛ
ШАЙМЕРДЕНҚЫЗЫ19/03
2023№6 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

КРЕДИТЫ БЕЗ ПРОЦЕНТОВ – НОВАЯ ЛОВУШКА МОШЕННИКОВ

Осторожно, кредитные мошенники активизировались в Telegram! Они активно ведут свои каналы и ежедневно публикуют рекламные посты: «Наша компания готова оказать помощь всем, кто нуждается в деньгах на сегодняшний день», «Гарантируем выдачу кредита даже, если вы официально не трудоустроены», «Всем, кто оформляет кредит, дарим закрытие 1 ежемесячного платежа».

Fingramota.kz напоминает, что выдавать кредиты в Казахстане могут только кредитные организации, имеющие лицензию Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка!

Схема мошенничества в Telegram. Приведем пример схемы обмана, которую применяет одна из псевдокомпаний в телеграм-канале. Она размещает рекламу о «беспроцентных» кредитах от частных инвесторов, указывая, что сумма займа может составить до 10 млн тенге сроком на 10 лет. При этом кредит, согласно их информации, могут получить все, кто старше 18 лет, даже без официального места работы. Мошенники даже гарантируют безопасность при получении услуг в их компании.

Когда пользователь присоединяется к каналу, то мошенники автоматически вносят данные его профиля в свою базу и продолжают с потенциальной жертвой переписку уже через Telegram либо посредством Whats App, в котором есть режим исчезающих сообщений. Также используются подменные номера и поддельные свидетельства о государственной регистрации.

Убедив человека взять «выгодный по всем параметрам» кредит, злоумышленники направляют ему ссылку на сайт, в котором необходимо заполнить заявку, а также рекомендуют посмотреть отзывы якобы «благодарных клиентов» и «реальных людей» на их телеграмм-канале. Для пущей убедительности, мошенники размещают на своей странице в Telegram видеозапись процесса оформления займа, демонстрируя при этом удостоверение личности заемщика.

Затем мошенники сообщают жертве, что заявка одобрена и необходимо оплатить комиссию за оформление кредита, размер которой составляет от 30 000 тенге. Для завершения процедуры оформления кредита заемщику необхо-

димо дополнительно пройти регистрацию и оплатить еще за несколько услуг: автоматический перевод денег, активацию счета, аренду банковской ячейки.

Причем мошенники просят осуществить перевод на карту третьего лица для того, чтобы отсутствовала возможность их идентифицировать. После того, как жертва внесет все платежи, злоумышленники попросят время для «перечисления денег». Но в дальнейшем взаимодействие с обманутым заемщиком и вовсе прекращается.

Важно! Если вы стали участником подобных мошеннических схем и пострадали от действий злоумышленников, то необходимо незамедлительно обратиться в отделение полиции по месту жительства и в банк для блокировки своих счетов и карточек!

СХЕМА МОШЕННИЧЕСТВА в TELEGRAM по получению фиктивных кредитов. Правила безопасности от кредитных мошенников: Помните! Банки и микрофинансовые организации не принимают заявления от третьих лиц и посредников на выдачу банковских

займов/микрокредитов. Заявку на кредит подает только сам заемщик!

Не передавайте посторонним лицам через WhatsApp, Telegram, Viber и другие мессенджеры информацию о себе и своей карте, пароли, логины, коды и другие личные данные.

Не переходите по фишинговым ссылкам и не скачивайте приложения, предоставляющие удаленный доступ к вашему устройству (AnyDesk, TeamViewer).

Не пытайтесь получить заемные средства у лиц, не имеющих разрешительные документы на осуществление деятельности на финансовом рынке. Проверяйте регистрационные данные, наличие разрешительных документов кредитора.

Важно! Проверить, работает ли кредитор на казахстанском финансовом рынке легитимно или нет, можно на интернет-ресурсе регулятора www.gov.kz в разделе «Финансовые рынки», либо обратиться в Агентство посредством мобильного приложения «Fingramota Online» или call-центру по номеру «1459».

gov.kz

**ІСТЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕРДІҢ
уақыты келді!**

**19 НАУРЫЗ
2023**

**ӘУЕСБАЕВА
СЫМБАТ СЕРІКҚЫЗЫ**

**№6 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

«КӨКТЕМ-2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫК-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ АЯСЫНДА ПРИОЗЕРСК КАЛАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, сондай-ақ азаматтық қорғаудың басқару органдарын, күштері мен құралдарын көктемгі кезеңге дайындау бойынша іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында, Приозерск қаласының азаматтық қорғау қызметтері «Көктем-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына қатысты.

Оқу-жаттығулар 2023 жылғы су тасқыны кезеңі жағдайларындағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарындайындау тақырыбында өткізілді. Оқу-жаттығу барысында: көктемгі кезеңдегі төтенше жағдайлар катері туындаған кездегі міндеттерді мақсаты бойынша орындауға

азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық және салалық ішкі жүйелерінің жұмыс істеу режимін жоғары әзірлік режиміне ауыстыру; көктемгі кезеңдегі төтенше жағдайларға ден қоюға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі қабылдайтын шаралары мен деңгейінің тиімділігін арттыру; көктемгі кезеңдегі төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған су тасқынына қарсы іс-шаралар кешенін барлық жерде өткізуді ұйымдастыру; құлақтандыру және байланыс жүйелерінің әзірлігін, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің барлық деңгейлерінде жедел кезекшіліктің ұйымдастырылуын, болжау мен диспетчерлік қызметтерінің, мониторинг жүргізу, материалдық-техникалық, азық-түлік және медициналық қорларын құру жұмыстарын тексеру; су тасқыны жағдайының өршуін болжауды есепке ала отырып, аумақтардың қауіпсіздік паспорттарына, төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдар жоспарларына, эвакуациялау мен өзара іс-қимыл жасау іс-шараларына нақтылау және түзету жүргізу; төтенше жағдайлардың ал-

дын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның, су тасқынына қарсы және эвакуациялау комиссияларының, азаматтық қорғау қызметтері мен құралымдары жедел штабтарының жұмысын ұйымдастыру; су тасқыны, су басулар мен су жайылулар жағдайындағы іс-қимылдарға түсіндіру жұмыстарын және халықты оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқу-жаттығу шеңберінде азаматтық қорғаудың жеке құрамын, техникасы мен жабдықтарының саптық тексеруі, оқу-түсіндіру жұмыстары және жеке құрамның тұрақты орналасқан жерінен оқу жаттығу орнына баруы ұйымдастырылды. Оқу-жаттығуларға қала бойынша жалпы 7 құрылым, 52 адам және 17 бірлік техника қатысты.

Приозерск қаласы әкімі аппаратының терроризмге қарсы комиссияның және төтенше жағдайлар бойынша бас инспекторы А. Баекешова



АМАНАТ



БЕЙСКЕЕВА
ИРИНА ВЛАДИМИРОВНА

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!



19/03
2023

**№7 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕНДІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДАН БОСАТУ ЖӘНЕ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ТУРАЛЫ ОНЛАЙН ТҮРДЕ БІЛЕ АЛАДЫ



тиісті ақпарат телефондарына хабарлама ретінде жолданытын болады. Мобильді азаматтар базасында тіркелген қазақстандықтар ғана хабарлама алатынын атап өтемін. Бұл қызмет Smart Data Ukimet жүйесі негізінде Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдардың жүйелерін интеграциялау арқылы мүмкін болды, — деп жазды әлеуметтік желіде Бағдат Мусин. Бүгін жарты миллион әскерге шақырылушылар 1414-тен хабарлама алды.

1 наурыздан бастап қазақстандықтар әскери қызмет өткеру туралы өз мәртебесін онлайн режимінде, түзетулер мен құжаттарды ұсынбай біле алады. Проактивті

қызметтің іске қосылуы туралы ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин өзінің Facebook

парақшасында хабарлады. — Әскерге баруға міндетті ер адамдарға, яғни 18-27 жастағы азаматтарға әскерден босату немесе кейінге қалдыру бойынша

ortalyq.kz

**19 НАУРЫЗ
2023**

*Нарестина
Жазира
Есенаманқызы*

**№7 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Қай кезеңді алсақ та, қоғамға тау-кен инженерлері әрдайым ауадай қажет. Олар экономикалық тұрғыдан пайдалы қазбаларды өндірудің жоғары тиімділігін ғана емес, тау-кен жұмыстарының максималды қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

ПОЛУЧИТЬ СПРАВКУ О ПЕНСИЯХ И ПОСОБИЯХ ТЕПЕРЬ МОЖНО ОНЛАЙН В КАЗАХСТАНЕ

Процесс получения информации о пенсионных выплатах и пособиях автоматизировали в Казахстане. Как получить нужную справку онлайн, рассказали в Министерстве труда и социальной защиты населения РК. Многие государственные услуги в Казахстане можно получить, не выходя из дома. Теперь к их числу добавилась справка о получаемых пособиях, пенсионных и социальных выплатах. Ранее эта информация предоставлялась только на бумажном носителе, а чтобы ее получить, казахстанцам нужно было идти в центр обслуживания населения (ЦОН). Теперь этот документ можно получить онлайн всего за 15 минут через мобильные приложения банков. Цифровая версия справки содержит информацию о размере полученных и

активных выплат. Пользователь может выбрать любой период, начиная с 2016 года, но не более трех лет. Как отмечают в Минтруда, необходимость автоматизации услуги была продиктована большой востребованностью — только за 2022 год такие справки получили более 210 тыс. человек. Сейчас эта возможность реализована в мобильном приложении от Halyk bank, но скоро появится и в Kaspi.kz.

Напомним, многие государственные услуги казахстанцы уже давно получают в электронном формате, а некоторые пособия и социальные выплаты и вовсе назначаются проактивно, то есть без заявления от самого получателя.

Nur.kz

ЖАҢА ШЕШІМДЕРДІҢ УАҚЫТЫ КЕЛДІ!



19 НАУРЫЗ
2023

**АЙТБАЕВ
ҚАЙНАР ҚАЙСАРҰЛЫ**


**№8 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**



РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

В своем Послании народу Глава государства определил три основных целевых индикатора, к достижению которых мы сегодня стремимся. Это справедливое государство, справедливое общество и справедливая экономика. Если исходить из этих постулатов, то термин справедливости появился там, и в политическом обиходе в том числе, не случайно. Потому что это – отклик на запрос народа. Государству сейчас необходимо иметь обратную связь от граждан. Потому что с теми способами, которыми управление осуществлялось раньше, взаимодействия между властью и народом не было. Каждый жил своей жизнью, - Айжан Киясsoва, член областного Общественного совета, председатель комиссии по экономике и бюджету.

«Будущее — за инициативными», «Индустриальная Караганда» от 28.02.23

РАЗВИТИЕ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

Разнообразная школьная и военная форма – это и многое другое производит небольшое предприятие в Темиртау. Швейная фабрика «Фортуна» образовалась больше двадцати лет назад: «Предприятие не стоит на месте, постоянно совершенствуется. В этом помогает и государство. За счет льготного кредита мы приобрели дорогостоящую электронную программу для построения лекал, – рассказывает руководитель предприятия Динара Бексултанова. – Стараемся ежегодно улучшать свою продукцию, совершенствовать производство».

«Казахстанский бренд», «Индустриальная Караганда» от 28.02.23



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!


ҚАРАБАЛАЕВ
ТАЛҒАТ ӘЛІМЖАНҰЛЫ

19/03
2023

№8 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

ПОЛОЖЕНИЕ

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ» КОНКУРС ОБЪЕМНЫХ ФИГУР (ФИГУРЫ: ГЕРОИ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ СКАЗОК, ЭЛЕМЕНТЫ КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО НАСЛЕДИЯ)

1. Общие положения:

Настоящее Положение определяет порядок проведения и условия конкурса на тему «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы», конкурс объемных фигур среди жителей города.

Организатором проведения конкурса является КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск».

2. Цели проведения конкурса:

- создание декоративных скульптур для украшения городской или пляжной зоны;

- придание эстетического облика в зонах отдыха.

3. В конкурсе принимают участие учреждения, организации и объекты предпринимательства всех форм собственности.

4. Конкурс проводится с 01 по 20 марта 2023 года и включает в себя:

- разработку и утверждение положения конкурса «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы»;

- опубликование в социальных сетях;

- определение состава жюри отдельным списком;

- разработка протокольной таблицы для членов жюри по 10-ти бальной шкале;

- осмотр комиссией оформленных объектов;

- определение победителей.

Награждение победителей конкурса состоится 21 марта 2023 года в ходе основных праздничных мероприятий.

5. Критерии оценки конкурса «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы»:

1) с создание декоративных скульптур для украшения городской или пляжной зоны;

2) работы должны представлять эстетическую и художественную ценность, следовать принципам экологичности и безопасности;

3) к участию допускаются работы, выполненные в любой тех-

нике и из любых материалов;

4) представленные работы безвозмездно передаются в дар городу;

5) декоративные скульптуры должны быть авторскими произведениями ручной работы, не приобретенными;

6) авторы работ обязаны самостоятельно устанавливать декоративные скульптуры на место проведения выставки, утвержденное оргкомитетом;

7) авторы работ должны подать заявку в организацию, проводящую конкурс «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы».

6. Подведение итогов конкурса «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы»:

Подведение итогов осуществляет конкурсная комиссия. Решение принимается большинством голосов членов

конкурсной комиссии путем открытого голосования с оформлением протокола.

В конкурсе «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» победители награждаются:

Гран-при	-	250 000	тенге;
1 место	-	200 000	тенге;
2 место	-	180 000	тенге;
3 место	-	150 000	тенге;
4 место	-	120 000	тенге;
5 место	-	100 000	тенге!

Также предусмотрены денежные призы за участие!

Для участия в конкурсе необходимо до 20 марта 2023 года предоставить заявки в КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск» по эл. почте zhastar.prio@mail.ru

По всем организационным вопросам обращаться в КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск» по тел.: 8 (71039) 53721.

Оргкомитет

ЖАСТАР МЫҚТЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!



**19 НАУРЫЗ
2023**

**АБДУРАХМАНОВ
ЕРЖАН НҰРЛАНБЕКҰЛЫ**

**№9 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді



АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Көптен күткен көктем айының алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін Алғыс айту күні қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында кешкі сағат 17.00-де қала тұрғындары, мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар қызметкерлерінің қатысуымен аталып өтті.

Мерекке қатысушыларын Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Жанбырбайұлы Бейсекеев құттықтады. Одан әрі кезек марапаттау рәсіміне берілді.

Айханым Бақтиярқызы Ақылбек жастар кәсіпкерлігін дамыту және қолдауға арналған Қарағанды облысы әкімі грантының 2 000 000 теңгелік сертификатымен марапатталады. Айханым Бақтиярқызы, Қарағанды облысының ұйымдастыруымен өткен облыс әкімінің грантына өз жобасын тапсырып, «Prio-dance» әлеуметтік би мектебі жобасымен грант иегері атанды.

Қазіргі таңда қаламызда қала әкімінің кубогі аясында бір шама спорттық және мәдени іс шаралар ұйымдастырылып өткізілген болатын. Осыған орай «Қала әкімінің кубогі 2022» атты шағын футбол лигасында жүлделі орын алған командалар марапатталды. Атап айтқанда, 03080 әскери бөлімінің «Искра» командасы жүлделі 3-орынды місе тұтты. 2-орын 44841 әскери бөлімінің «Тұлпар» тобына бұйырды. Бірінші орынды № 1 қазақ орта мектебінің «Мектеп» командасы жеңіп алды және барлығы да қаржылай сертификаттарға ие болды. Сонымен қатар, шағын футбол лига-

сында ерекше ойынымен көзге түскен спортшылар келесі номинациялар бойынша марапатталады: Ең үздік ойыншы номинациясының иегері Абуов Нұрсұлтан, ең үздік шабуылшы ата-лығымен Ақжол Асқарұлы, Сергей Бабурин, ең үздік қорғаушы номинациясының иегері - Бабурин Сергей, ең үздік қақпашы номинациясымен Юлдаш Қаланбаев марапатталады.

«Қала әкімінің кубогі 2022» атты волейбол лигасында жүлделі орын алған келесі командалар марапатталды: 3-орын алғаны үшін 50 000 мың теңгелік сертификатпен №1 жалпы білім беретін мектебінің «Мектеп» командасы, 100 000 теңгенің сертификатына 03080 әскери бөлімінің «Искра» командасы, 1-орын алғаны үшін шағын футболдан қала әкімінің кубогі мен 200 000 мың теңгелік сертификатпен №15 Өрт сөндіру бөлімінің «Жалын» командасы марапатталады.

Сонымен қатар «Қала әкімінің кубогі 2022» волейбол лигасында ерекше ойынымен көзге түскен спортшылар келесі номинациялар бойынша марапатталады: Ең үздік ойыншы номинациясының иегері Ярмухаметов Елфат, ең үздік шабуылшы Станислав Шишкин, ең үздік қорғаушы Нұржан Медетов және ең үздік байланыстырушы аталымдарымен Нұрбол Макаров марапаттарға ие болды. Жеңімпаздардың құрметіне қаламыздың жезтаңдай әншісі Айғанша Болысова «Ризамын» әнін сыйлады.

Славян халықтарының «Исток» этно-мәдени қоғамдық бірлесті-

гінің төрағасы Светлана Борисовна Попченко мерекемен құттықтап, қазақ халқына ризашылығы мен рақыметін білдірді. Көк байрағымызды көкке көтеріп, намыс туын жықпай, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген спортшыларымыздың ерен еңбектерін бағалап, марапаттау үшін сахнаға «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ бөлім басшысы Жұлдыз Тиыштыбайқызы Дулатова көтерілді. Ол осы жылғы қаңтар айында Теміртау қаласында өткен Пауэрлифтингтен облыстық іріктеу чемпионатында жүлделі 1-орын алған келесі спортшылар: 59 кг. салмақта Хузнахметов Тимур, Кузнецов Владимир, 52 кг. салмақта Джолдас Жансара, 84 кг. Нұрланқызы Құралай және де «Қазақ күресі» бойынша Балхаш қалалық ашық біріншілігінде 1-орын алғаны үшін Әбілда Айбар естелік сыйлықпен марапатталады.

Бірі елеміз бен халқымыздың тыныштығын, бірі десаулығын қоғау жолында еңбек етіп жүрген Ішкі істер және денсаулық сақтау салаларының қызметкерлеріне арнайы алғыс білдіріліп, олардың құрметіне сахнада Каримбаева Жанар, «Алғыс» әнін шырақды.

«Атамұра» салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дамыту қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марс Абуұлы Сүлейменов жиылған қауымды атаулы күнмен құттықтады. Алғысайту күнінде Приозерск қаласының волонтер-

ларына олардың кез-келген адамға дайын пейілдері мен адал жүректері, адамгершілігі мен риясыз көңілдері үшін арнайы алғыс айтылды. Жастарды марапаттау үшін сахнаға Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шарбекова шақырылды.

Қарағанды облысында волонтерлік қызметті дамытуға белсенді қатысқаны және үлес қосқаны үшін Қарағанды облысының жастар саясатының мәселелері жөніндегі басқарма басшысының Алғыс хатымен марапатталады: Азиз Асқарұлы, Ерхан Райымбаев, Мерей Тұрсынбеков және Азамат Ернараров.

«Жарқыраған дауыстар» вокалдық хоры олардың құрметіне ән орындады. Жүргізушілер мерекелік кешке қатысушы көрермендерге, қала тұрғындарына, коммуналдық қызмет көрсетуші қызметкер-жұмысшыларға, ұстаздарға, жалпы жерлерге алғыс сезімін білдіріп, Құрбанбаева Асельдің орындауындағы «Мың алғыс» әнін шырақды. Ата-аналарға, ата-әжелерге, жалпы жаса-мыс ұрпақ үшін айтылған алғысты сахнаға шыққан Гүлдерайым фольклорлық үйірмесінің әншісі Гүлбахар Айтмуратованың орындауындағы «Жолыққан қандай жақсы» әнін іліп әкетті. Сондай-ақ, қаланың белді әншісі Гүлмира Шералиева «Туған елге рахмет!» әнімен осы күнгі керемет кешті қорытындылады.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!

АМАНАТ

АЛТАЕВА
ҚАРЛЫҒАШ
ИГІЛІКҚЫЗЫ

19/03
2023

№9 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ» ҰЛКЕН КӨЛЕМДІ МҮСІНДЕР БАЙҚАУЫ (МҮСІНДЕР: ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ КЕЙІШКЕРЛЕРІ, ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ) ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер:

Осы Ереже қала тұрғындары арасында «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» мүсіндер байқауын өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Байқауды ұйымдастырушы «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ болып табылады.

2. Конкурсты өткізу мақсаттары:

- Қалалық немесе жағажай аймағы үшін көріктендірудің сәндік мүсіндерін жасау;

- Демалыс аймағына эстетикалық көрініс беру.

3. Конкурста қала мекемелері, кәсіпорындар, әр түрлі ұйымдар қатыса алады.

4. Байқау 2023 жылдың 01 – 20 наурыз аралығында өткізіледі.

- «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауының ережесін әзірлеу және бекіту;
- әлеуметтік желілерінде жариялау;
- қазылар алқасы-

ның құрамын анықтау;

- 10 балдық шкала бойынша қазылар алқасының мүшелері үшін хаттамалық кесте әзірлеу;
- қазылар алқасының ресімделген сәндік нысандарды тексеруі;
- жеңімпаздарды анықтау.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау 2023 жылдың 21 наурызында негізгі мерекелік шаралар барысында өткізіледі.

5. «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауын бағалау критерийлері:

1) Қалалық немесе жағажай аймағы үшін көріктендірудің сәндік мүсіндерін жасау;

2) Сәндік мүсіндер шығармалары эстетикалық және көркемдік құндылыққа ие болуы, экологиялық тазалық және қауіпсіздік қағидаларын сақтауы тиіс;

3) Кез келген техникада және кез келген материалдардан жасалған жұмыстарға қатысуға рұқсат етіледі;

4) «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» сәндік мүсіндер бай-

қауына ұсынылған жұмыстар қала меншігіне тегін беріледі.

5) Сәндік мүсіндер сатып алынбаған, өз қолымен жасалған авторлық жұмыс болуы керек.

6) Жұмыстардың авторлары сәндік мүсіндерді, ұйымдастыру алқасы бекіткен көрме өтетін орынға өзі жеткізіп орнатуға міндетті.

7) «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауын өткізетін ұйымдастыру алқасына өз сұранысын тапсыруы қажет. Сонымен қатар жекелей қатысушылар өз сұранысын, жеке куәлігінің көшірмесін тапсыруы қажет. Құжаттары жоқ қатысушылар «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауына қатыстырылмайды.

6. «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауының қорытындысын шығару:

Қорытынды шығаруды Конкурстық комиссия жүзеге асырады. Шешім хаттамасын ресімдей отырып, ашық дауыс беру жолымен конкурстық комиссия мүшелерінің

көпшілік даусымен қабылданады.

7. «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауының жеңімпаздары қаржылай марапатталады:

Бас жүлде - 250 000 теңге;
1 орын - 200 000 теңге;
2 орын - 180 000 теңге;
3 орын - 150 000 теңге;
4 орын - 120 000 теңге;
5 орын - 100 000 теңге!

Сонымен қатар, «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» байқауына қатысқаны үшін қаржылай сертификаттар табысталады!

Конкурста қатысу үшін 2023 жылғы 20 наурызға дейін «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ өтінімдер ұсыну қажет эл.почта zhastar.prio@mail.ru

Барлық ұйымдастыру мәселелері бойынша тел.: 8 (710-39) 5-37-21 «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ.

Ұйымдастыру комитеті

**БАЛТЫШЧЕВ
ЕРІК ТАТКЕНҰЛЫ**

**№10 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - РУХАНИ БАЙЛЫҚ

Қандай да бір ұлттың ұлт екендігінің белгісі, ол - мемлекеттік тілі. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл - мемлекеттің бет-бейнесі. Әр мемлекет материалдық жағынан қалай бай болса, рухани да солай бай болу керек. Рухани байлық ұғымына ең бірінші мемлекеттік тіліміз енеді. Әлемде немесе белгілі бір елде жасалған рухани қазыналардың жиынтығын, сол қазыналарды игеруді мұрат тұтқан жеке адам басындағы қабілеттерін бірі өз ана тілін игеру болып табылады.

«Қазақ тілі - рухани байлығымыздың қайнар бұлағы» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ елінде, қазақ жерінде ең бірінші қазақ тілі өркендеуі тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір қасиетін өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек. Туған тілдің абыройын асқақтату - әрбір адамзаттың абзал борышы. Тіл - халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны

ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл - халықтың жаны, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы.

Мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп те сезіне алмайды. Тарихтан да белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші мемлекеттік тілінің мәселесін шешеді. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Күшті ұлт болу үшін күшті мәдениет жасау керек, сонда ғана әлемдік өркениет кеңістігінен өзіне тиесілі орынды ала алады.

Мемлекеттік тіл - тәуелсіздігіміздің айғағы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Қазақстанның

болашағы - қазақ тілінде. Ол дегеніміз біздің алдымызға қойған айқын жоспарларымыздың орындалуына жол ашып, алға ұмтылуымызға серпіліс береді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», - деген ұлағаты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс - шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Қазіргі таңда ұлтына, дініне қарамастан барлық адамдар мемлекеттік тілдің қызмет тілі екенін түсініп, аса үлкен жауапкершілікпен ұғынады, қазақ тілінің болашағына сеніммен қарайды. Қазақ тілін тиісті деңгейде меңгермейінше, еш жерде қызмет істей

алмайтындарына көздері жетеді. Ал іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруде негізгі салмақты тілдері қазақша шыққан, қазақша оқып білім алған, жүректері қазақ деп соғатын тұлғалар көтеруі керек. Десек те, ана тіліміздің толыққанды мемлекеттік тілге айналуына атсалысуымыз баршаның борышы болуға тиіс. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», - деп М.Әуезов айтқан екен. Тіл - аса қадірлеп ұстайтын рухани байлығымыз. Оны білмеу - өзімізге сын. Сондықтан да рухани байлығымызды жаңғыртып, дәріптеп, қастерлей берейік!

Т.Т.Тукенова
Приозерск қаласы №2
ЖББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!ЖАРЫЛҒАПОВ
БЕК ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ19/03
2023№10 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

ХИДЖАМА

Қазіргі уақытта ХИДЖАМА емдік іс шаралары халық арасында көбейіп кетуде. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрінің айтуы бойынша хиджама Қазақстан бойынша лицензияланған медициналық қызмет түріне жатпайды. Лицензиясыз медициналық қызмет жасаса, ол – заңбұзушылық.

Хиджамада адам терісін бұзу арқылы қан ағызу, банка қою арқылы қан алу сияқты процедуралары болғандықтан, арнайы рұқсаты жоқ, медициналық білімі жоқ бола тұра үй жағдайында немесе басқа да орындарда хиджама жасайтын болса, ол адам өміріне үлкен қауіп тудыруы мүмкін, яғни адам терісін кесу арқылы тіндерімен, тікелей қанымен байланысып, адам ағзасына әр түрлі қауіпті инфекция жұқтыруы мүмкін. Өйткені медицина саласында,

медициналық қызмет көрсетуде, қолданылатын инструменттер мен заттарды өңдеу арқылы (дезинфекцияланған, стерильденген) қолданылуы қажет. Медицинада асептика және антисептика деген ұғым бар (Асептика – хирургияда жараға инфекция түсуден қорғау, алдын алу шаралары.

Антисептика – ағзаға, тіндерге немесе жараға түскен микроорганизмдермен күресудің іс шаралар жиынтығы).

Өкінішке орай, қазіргі таңда үй жағдайында жасалып жатқан халық еміне көпшілік өз денсаулығын қорғау үшін аса мән бере бермейді.

Қазақстан Республикасында барлық медициналық қызмет, сонымен қатар халық емі де лицензияланады, яғни халық еміне қатысты нақтыланған инеменрефлексті терапиясы, су-джок терапиясы, фитотерапиясы (табиғи өсімдіктермен емдеу), гомеопатия, гирудотерапия, мануальды терапия тағы басқалары көрсетілген. Бұл тізімде халық емінің арасында хиджама көрсетілмеген.

Сондықтан әр адам үй жағдайында жасалатын тері бүтіндігін бұза отырып жасалатын медициналық қызметтеріне бармастан бұрын, өз денсаулығына пайдасынан гөрі зиянын туғызбас үшін, бірнеше рет ойланып қараулары қажет.

*Приозерск қалалық
Санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасы*



АМАНАТ

НАР ТӘУЕКЕЛ!
ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ!

✓
АХМЕТОВ
МАНСҰР ТАЛҒАТҰЛЫ



19/03
2023

**№ 11 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Президентские реформы

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді.

Адамзат тарихының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады.

Тіл-ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады.

«Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезендерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеген келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының биік-

тігімен өлшенеді. Ата-бабамыз мұраға қалдырған ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілу жолын сөз еткенде, тарихты айналып өте алмаймыз.

Жалпы, қазақ тілінің мемлекеттік, саяси ауқымы сонау патшалық отарлау заманы кезінен бастап-ақ төмендей бастағаны белгілі. Бұл қауіптен қазақ тілі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің арқасында құтылғандай болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ұлт тілдеріне мемлекеттік және саяси тұрғыда жете мән беріліп, ұлт тілі мен мәдениетіне азды-көпті түсінушілікпен қарағандық байқалады.

Қазіргі таңда мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының негізгі мақсаты - жинақталған оң тәжірибені пайдалана отырып, тіл саясатын жүзеге асырудың жаңаша тетіктерін табудағы нақты іс-әрекеттерімізді белгілеп алудың тағы бір кезекті қадамын жасау болып табылады.

*Тажимаева Феруза Сансызбаевна
Приозерск қаласы «Еркетай»
шағын орталығының тәрбиешісі.*



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Бүгінде еліміздің ғылымы қарқынды даму кезеңінде тұр. Тау-кен өнеркәсібіндегі дәстүрлі әдістер жаңа толықтыруларды қажет етеді. Бұл өз кезегінде тек жаңа зерттеулердің нәтижелерімен негізделеді. Ол үшін оқу процесіне жаңа заманауи бағдарламаларды, технологияларды және әлемдік тәжірибені енгізу қажет.

**19 НАУРЫЗ
2023**

**ПАЙЗУЛЛАЕВ
МУЗАФФАР
АБДУЛЛАҰЛЫ**

**№11 САЙЛАУ ОКРУГЫ БОЙЫНША
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді



Жер-Ананың бауыры бусанып, дала-белдер көгеріп, табиғаттың барша жаратылысы жанданып, қатал қысты артқа қалдырған адам баласы қуанышқа кенеліп, жаны жадырай бастған көктем айының басталар шағындағы Наурыздың алғашқы онкүндігінің 8-жұлдызында әйел-қыздар мерекесін тойлау әзелден келе жатқан салтымыз. Мұндай қуанышты кезде АНАЛАР туралы жылы лебіз, жақсы сөз айтып қалуға, бүкіл әлемнің жарығын бізге сыйлаған Аналарды құттықтап, қуантуға тырысатынымыз белгілі. Сондықтанда, қатардан қалмай, төмендегі ізгі ниетім мен игі тілегімді, жыр шумақтарын әзиз Аналарға арнамақпын!

«Ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған» - дейді халқымыз. Ана – тіршіліктің алтын арқауы. Асыл ана туралы қасиетті де құдіретті сөздер, аңыз-әңгімелер жеткілікті. «Жәннат – ананың табанының астында» - деген екен қасиетті хадисте. Осы сөздердің астарында теңіздей терең мағына жатқаны аян. Өмірдің мәні мен сәніне айналған ардақты аналарға берілген ең лайықты баға «Анашым! Асыл анам, есіл анам, Елжіреп есіркеймін, есіме алам. Мен үшін сен суалтқан ақ сүтінді ақтамасам, боп жүрмін несіне адам», деп Мұқағали ақын жырлағандай, әр адамның ананың алдындағы парызы бар екені рас. Қазақ халқы ананы құрметтеуге, қадірлеуге үндеген. Оның дәлелін бізге бүгінге дейін жеткен даналық сөздерден, қанатты сөздерден табамыз. Мәселен, «Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет», «Ағайын – алтау, Ана – біреу», «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал», «Ананың ойы – ұяда, Баланың ойы – қияда», «Анаға ауыр сөз айтпа! Атыңа ауыр жүк артпа!», «Ана сүтін

ақтамағанды, ешкім мақтамайды», «Анасы бардың панасы бар», «Әке ақылы – бұлақ, Ана ақылы – шырақ», «Алып анадан туады, Ат биенен туады», «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс» тағы сол секілді бұл тізімді осылайша жалғастырып кете берсек болады.

Сонау Хауа анадан бастап бүгінгі күнге дейін қаншама аналар тарихы арқылы біз ананың көптеген өмір сыйлаушы, мейірім ұясы екендігіне көз жеткізіп келеміз. Тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтерген баласын ақ сүтін беріп өсіретін, сонымен бірге адалдық, имандылық, адамгершілік қасиеттерді сәби бойына сіңіретін де – Ана. Сондықтан бар адамзат ананың алдында бас иеді. Мұхаммед пайғамбарымыздың: «Ең алдымен, анаға құрмет ет, екінші, тағы да анаға құрмет ет...» деуі бекер болмаса керек. Жұмақтың кілтін де ананың табанының астына салып берген. Бабаларымыздың: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деген ұлағатты сөзі де осының дәлелі. Дүниеге өмір сыйлаушы әйел-ананың Алла Тағаланың мейіріне бөленгені туралы әңгімелер де өте көп. Ел қорғаған батыр да, сөз маржанын терген ақын да ананың құрсағынан жаратылды. Алтын құрсақты аналарымыздың арқасында небір даналар, небір ғалымдар, небір батырлар, хандар мен билер дүниеге келді. Анасының ақ сүтімен бірге өн бойына сіңірген ана тілінің қасиетін сезінді. Халқына қызмет етті. Ананың ақ сүтімен иман нұры да бала бойына тарайды. Ұлы Абай данамызға анасы Ұлжан, Шоқандай ғұламамызға анасы Зейнеп, Мұхтардай заңғарымызға анасы Нұржамал иман нұрын осылай сепсе керек. Ана туралы жазушылар да, ғұламалар да, ғалымдар да

көптеген терең дүниелер қалдырған. Соның айғағы ретінде біраз ойшылдардың ана туралы мына ойлары адамзатқа ой саларлық. В. Гюго: «Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя» десе, Қазақ жазушысы Ғабит Мүсірепов болса: «Ана алдында өлім де мойын ұсынады» деген екен. Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған ана алдында бәріміз де бас иеміз. Бүгінде ұрпақ өсіруімен қатар, ел еңсесін көтеруде өз үлестерін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қандай құрметке болса да лайық.

АНА... Қандай керемет сөз десеңші! Осы бір үш-ақ әріптен тұратын сөзде мұхиттың тереңдігіндей тұңғық ойлар жатыр. Осы асыл жан әрқашан бізді жақсы көреді. Біз шыры етіп дүние есігін ашқан кезден бастап бізді бағып - қағып, біз үшін отқа да, суға да түсті. Ана деген сөз әрқашан киелі. Ешкімде аспаннан салбырап түскен жоқ. Бәрімізге жарық дүние есігін ашқан – ана. Бауыр еті баласы үшін аналар не істемейді десеңші? Ана туралы айтатын ой, шертетін ән көп. Қандай ақын болмасын, анасын әрқашан жырына қосып жүрген. Біздің қазақ ақындарымызда ондай өлеңдері жетерлік. Менің өзім де ең алғашқы өлең шумақтарымды асыл анама арнадым. Бірақ бұл өлең-жырлар ана алдындағы парымызды өтеуге, аналық парызын өтеуге тұрмайды, әрине...

Ойлап қараңызшы анамыз біз үшін бәріне дайын болды. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, парызыңды өтей алмайсың», - деген сөз рас. Шынында да, қанша талпынсақ та, күнде қарызын өтеуге тырыссақ та, жақсы істер істесек те, ананың біз үшін жасаған жақсылығын, қарызын өтей ала ма? Тоғыз ай, он күн алтын құрсағында көтеріп жүріп, сүліктей жабысқан шарананы дүниеге алып келудің өзі неге тұрады? Осы бір қиын да, қызық тоғыз айдың қарызын өтеудің өзі біз үшін бір үлкен, алып мәні бар іс. Қарызын өтей алмасақ та, ең болмаса, ананың қабағына кірбің түсірмеуге тырысуымыз керек емес пе?! «Балам, ананы үйте салшы, мынаны бүйте салшы...», - деген анаға, «ой, ана, қойшы, уақытым жоқ...», - деп айтатын балалар бар екенін көріп жүрміз. Осы сөздің өзін, сол ананы жұмсаған ісінен артық, маңызды іс бардай жұлқына айтып, есікті сыртынан жауып кете барамыз. Осындай жағдай басыңыздан бір рет болсын өтті ғой? Ия, мойындаңыз. Ал дәл сол кезде біз үшін маңызы жоқ, күнделікті ауызекіге айналып кеткен «Ана қойшы...», - деп сілкіп айтылған

сөзден, ананың жұдырықтай «Балам», - деп соғып тұрған жүрегінің орнынан сәл ауытқып барып орнына түсіп, ананың жүрегіне кішкене қара дақтың түскенін білеміз бе? Жоқ!!! Жұдырықтай жүректі қара дақтар жаулап алса, ол жүрек махаббат, ыстық ықылас, мейірім көрмесе, күн сәулесін көрмеген гүлдей бір-ақ күнде солып қалуы ықтимал ғой. Аналар еш нәрсені білдірмейді, сездірмейді, көрсетпейді. Олар өте құпия жандар. «Ата-ана қадірін балалы болғанда білесің», - дейді дана қазақ.

8-наурыз – әйел-қыздар мерекесі қарсаңында Приозерск қаласында тұратын барша аналарды, нәзік жандарды «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті ұжымының және өзімнің атымнан шын жүректен құттықтай отырып, оларға зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір, баянды һәм отбасылық бақыт, қуаныш-шаттық тілеймін! Төмендегі жүректен шыққан жыр шумақтары Сіздердің құрметтеріңізге арналады, әзиз Аналар!

АНА ДЕГЕН...

Бала үшін шыбын жанын қинаған, балама деп дүниені жинаған. Аялаумен құрсағында көтеріп, бұл әлемнің жарық-күнін сыйлаған.

Бала үшін тәулік бойы тынбаған, тіршіліктің тоқпағына сынбаған. Аналардың бір түніне қарыздар, балатүгіл, дөңгеленген бұлғалам!

Перзентім деп бір сәт тыным алмаған, жеткізем деп бар өмірін арнаған. Қарсы тұрған көкірегімен қылышқа, Аналардың ерлігіне таң қалам!

Бала үшін бар ауырды көтерген, аспандағы Ай мен Күнді әперген. Айналғаны, толғанғаны ғажап-ақ, Ана сөзі шырын бал мен шекерден!

Аялаған, әлпештеген, өсірген, еркелігін, тентектігін кешірген. «Қошақаным!..», - деген сөзі Анамның шыққан емес әлі күнге есімнен.

Әлі есімде, жымығаның, күлгенің, өзін барда еш алаңсыз жүргемін. Әруағыңмен әлі қолдап келесің, парызымды өтедім бе, білмедім?!.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №9/35, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.